



# АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№49  
(971)

Бейсенбі, 1 желтоқсан 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

## Мерекелік құттықтау

## Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл барлық қазақстандықтар үшін айрықша мереке. Ол біздің халқымыздың топтасқандығын және еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген жоғары сенімін бейнелейді.

Осыдан 25 жыл бұрын қазақстандықтардың басым бөлігі Нұрсұлтан Назарбаев үшін дауыс бергенде халқымыз еліміздің болашақ тағдырын айқындаған болатын.

Біздің Елбасымыз қиын-қыстау, тұрақсыздық белең алып тұрған кезде ел тізгінін қолына алды. Нарықтық реформалардың ұзақ және ауыр жолдарынан сүрінбей өткен Қазақстан нағыз экономикалық және саяси тәуелсіздікке қол жеткізді, әлемдегі экономикалық және сауда үдерістерінің белсенді қатысушысына айналды.

Бүгіндері біз ең алдымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында Қазақстанның экономикалық қуатты және саяси тәуелсіз мемлекетке айналғанына куә болып отырмыз.

Мемлекет басшысы гүлдену мен азаттыққа ұмтылған ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойғы армандарын жүзеге асырды, қоғамды топтастырудың және ұлттық көшбасшылықтың нақты үлгісінің негізгі факторы бола білді.

Қазақстандықтар қысқа мерзім ішінде ұланғайыр істер тындырды. Біздің еліміз бүгіндері Орталық Азияның экономикалық көшбасшысы. Бұл феноменді шетелдік сарапшылар «қазақстандық экономикалық ғажайып» деп атады.

Президенттің күш-жігерінің арқасында Қазақстан әлемдік өркениетте өзінің лайықты орнын алды. Республика өңірлік және жаһандық ауқымдағы маңызды бастамалардың бастаушысы ретінде барлық әлемдік үдерістерге қатысуда.

Әлемнің көптеген елдерінде орын алған әлеуметтік сілкіністер жағдайында біздің мемлекетіміз тұрақты және сенімді дамып келеді. Бүкіл әлем этникааралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін үлгі тұтады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен біздің елді жарқын болашақ күтіп тұрғанына сенімдімін. Ең алдымен ол Мемлекет басшысының бастамасымен қабылданған «Стратегия – 2050» бағдарламалық құжаттарың, «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатын және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын табысты жүзеге асырумен байланысты болмақ.

Жаңа реформалар еліміздің әр азаматының тікелей қатысуын талап етеді. Елбасы айқындап берген міндеттерді орындау біздің Отанымыздың одан әрі табысты дамуының кепілі болатынына сенімдімін.

**Қымбатты жерлестер!** Сіздерді Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге және Сіздердің туған-туысқандарыңызға мықты денсаулық, бақыт, отбасылық игілік және табыстар тілеймін!

Ерік СҰЛТАНОВ,  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

## Құрметті айыртаулықтар!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Жалпыұлттық мерекеге айналған бұл елеулі күн Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына және мемлекетіне сіңірген орасан зор еңбегіне деген құрмет болып табылады. Ұлт Көшбасшысының тұрақты және жүйелі негізде атқарып келе жатқан елшеусіз еңбегінің нәтижесінде Қазақстан серпінді даму жолына түсті.

Қазақстан Республикасы саясатының Тәуелсіздіктің 25 жылында жеткен басты табыстарының бірі Н.Назарбаевтың есімімен байланысты әрі бейбітшілік пен келісім саясатының халықаралық эталоны ретінде танылған қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін жасағаны болып саналады.

Халқына ерқашан демеу болып, елдің қамын ойлап, алға тартқан Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлы Дала Ұлағаттары» мақаласында «Ел болудың, мемлекет болудың жөн-жобасын көрсетіп берген, көмекке келген ешкім болған жоқ. Біз бәрін де тыңнан бастап, халқымызбен бірге қалыптастырдық. Жоқтан бар жасадық, барды берекеге айналдырдық, сол ырысты өсу мен өркендеудің негізі етіп алдық» - деп жазады. Шынында да, мұның бәрі оңай болған жоқ.

Бүгінгі таңда қазақстандық даму жолы жаңа деңгейде - «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары аясында жүзеге асырылуда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың әлем тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне де қосқан үлесі зор. Семей ядролық сынақ полигонын жапқан және әлемде алғаш болып атом қаруынан бас тартқан Президент Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қаруды таратпау саясатына жаңа өнегелік стандарт енгізді. Әділ әрі қауіпсіз әлем құрылымын қалыптастыруға бағытталған «Әлем. XXI ғасыр» манифесі Біріккен ұлттар ұйымында ресми мәртебеге ие болды.

Ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін сыйлығын тағайындау Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың барлық жаһандық бастамаларының қисынды жалғасы болып отыр.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығында еліміздің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне сайлануы ұлттық қауіпсіздікті нығайтудағы және Қазақстанның жаһандық қатысуындағы маңызды тарихи жетістігі болды.

Елбасымыз Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев –татулығымыздың, береке-бірлігіміздің, тұрақтылығымыздың кепілі. Оның әр идеясы мен мақсаты қоғамдық санада берік сіңіп, барша қазақстандықтар үшін жалпыұлттық құндылыққа және өмір салтының негізіне айналды.

**Қадірменді айыртаулықтар!**

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаларыңызға зор денсаулық, жанұяларыңызға амандық, сәулелі ғұмыр тілеймін!

Ағзам ТЕСТЕМИРОВ,  
Айыртау ауданының әкімі.

## 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні

## БОЛАШАҒЫМЫЗ ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОЛЫНДА



*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні қарсаңында Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай тұлғаның еліміздің тарихындағы маңызын, оның өмір жолының әр кезеңінде айналасында болған, онымен бірнеше мәрте кездесу мәртебесіне ие болған жандардың тағдырына қалай әсер еткендігі туралы толғанамыз.*

Мен біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлымен сонау Теміртау қаласындағы комсомол блсенділері қатарында қызмет етіп жүрген шағынан таныспын. Сол таныстығымыз уақыт өте келе, үлкен құрмет пен сенімге негізделген замандас ретіндегі қарым-қатынасқа айналды.

Комсомол жұмысында жүрген біздің алғашқы таныстығымыздан-ақ мен Нұрсұлтанның бойындағы қайсарлықты, батылдықты, сөз бен іске деген адалдығын аңғардым. Жылдар өте мен бұл дана саясаткердің көрегендігіне қайран қалып келем, себебі, оған деген нық сенімділігім нығайып, шынайы өмірдегі нақты жағдайға жетіп отыр.

Менің алғаш Уәлиханов ауданында райкомның бірінші хатшысы болған кезімде ауданды өз деңгейінде басқара білуіме Нұрсұлтан Әбішұлы көп көмегін көрсетті.

Бір жылдары Уәлиханов ауданында егін бітік шықты. Көп жылдар бойы әр гектарына 6-8 центнертн алып жүрген болса, осы жылы гектарына 15 центнерден өнім шықты. Дақылдардың ұлпалылығы 42% құрады. Осынша өнім жиып алу бір бөлек шаруа болса, сол өнімдерді шашпай-төкпей сақтап қалу мәселесі тағы бар. Токтағы орын тар болғандықтан, дөңді элеваторға жеткізу де қиын болатын, оның үстіне алқаптан элеваторға дақылдар таситын техника да жеткіліксіз болатын. Сол кезеңде Дінмұхаммед Қонаев пен Нұрсұлтан Назарбаев облыс шаруашылығын аралап, егін жинау науқанының барысымен танысып жүр екен. Сонда мен басшыларға техникамен қамтамасыз етуде көмектесулерін сұрадым, Қазақ ССР Министрлер кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан

Жалғасы 4 бетте

## Қазақстан – ғаламды апаттан құтқарушы



*Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында атқарылуға тиісті 25 жұлдызды күн шараларының аясында 25 қараша күні Елецкое орта мектебі мен ауылдық округтің ұйымдастыруымен және аудандық мәслихат хатшысы Берік Жанахметовтың қатысуымен «Қазақстан – жаһандық масштабтағы бітімгер» тақырыбында пікірталасу алаңы болып өтті.*



Шараның басында мектеп оқушылары Қазақстанның өткені мен бүгінінен сыр толғап, келешегіне жарқындық беретін тақпақтар оқыды.

Ауылдық округ әкімі Серік Қасенов шараның шымылдығын ашып, келген қонақты шараға қатысушылармен таныстырып өтті.

Берік Темешұлы өз кезегінде: «Биыл Қазақстанның дербес мемлекет атанғанына – 25 жыл! Биылғы жұлдызды жыл елеулі іс-шараларға толы болып отыр. Қазақстан – ядролық полигонды жауып, әлем бойынша ауқымы жөнінен төртінші орын алатын ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартқан тұңғыш мемлекет.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қарудан бас тартқан елдің басшысы ретінде өз «XXI ғасыр: Соғыссыз әлем» манифесіне жариялады. Қазақстан ядролық қарудан бас тартқандығының арқасында өзін әлемдегі бейбітшілік сүйгіш ел ретінде мәлімдеді. Қазақстан көшбасшысы – өз Жарлығымен әлемдегі ең үлкен сынақ алаңын жауып, адамзат өркениетінің өрісін тарылтқан қарудың жойылуына жол салып берген тұлға.

БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында сөз сөйлеген Қазақстан Президенті ядролық қарусыз әлем – XXI ғасырдағы адамзаттың басты мақсаты болуы тиістігін тағы бір атап өтті.

Мемлекетіміздің басшысы өткен ғасырлардағы қанды қырғындардан сабақ алып, алдағы уақыттарда соғыссыз әлем құру қажеттігіне айрықша назар аударды. Бүгінгі таңда әлемде күн өткен сайын қауіпсіздік шаралары қатерлі сипат алуда. Уақыт өткен сайын ядролық қаруы бар елдердің қатары көбеймесе, азаймай отырғаны алаңдатады. Әлем жанұшыра XX ғасырдағыдай бір-бірімен «қырғықбақ» соғыстың жолына түсіп жатыр.

Қазақстан – ядролық қарудан бас тартып, қауіпсіздік пен экономикалық гүлденуге қалай қол жеткізуге болатындығын көрсеткен елдің тамаша үлгісі.

Қазақстан басшысының бұл бастамасы шын мәнінде ғаламдық үлгі болып отыр», деген мәслихат хатшысы еліміздің ғаламдық деңгейдегі жоғары бастамаларының қашанда әлем жұртшылығы үшін құнды екенін атап өтіп, дискуссияға қатысушы көпшілікті мерейлі мерейтойымыз – Тәуелсіздіктің

25 жылдығымен құттықтады.

Шараға қатысушы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Татьяна Пичугина, тарих пәнінің мұғалімі Азамат Базарбаев, 9 сынып оқушысы Нұрсұлтан Қайыржан Қазақстан Республикасының әлемдік аренадағы бастамалары мен олардың оң нәтижелері туралы баяндамалар оқыды.

Жарысөзге қатысушы селолық округ әкімі аппаратының іс жүргізу жөніндегі бас маманы Ақымбай Сыздықов шара қонақтары мен ауылдастарына еліміздің басқа да тарихи бастамалары туралы өзге елдің саяси ахуалдарымен салыстыра отырып әңгімелеп берді.

Шара соңында Елецкое орта мектебінің директоры Галина Миргородская жарысөзге қатысып, шараны ойдағыдай өткізе білген ұйымшылдығы үшін округ әкімінің аппараты мен мектеп ұжымына және ат терлетіп ауданнан келген Берік Жанахметовке алғысын білдірді.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,  
Суретті түсірген автор.



Мереке мезеті

Ауылшаруашылығы – атадан қалған асыл іс

25 қараша күні аудандық Ақан сері атындағы Мәдениет үйінде ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің күніне арналған салтанатты іс-шара болып өтті.

Шарада аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров ауданымыздың ауылшаруашылығы еңбеккерлерін айтулы мерекелерімен құтқтады.

«Құрметті ауылшаруашылығы еңбеккерлері, құрметті ардагерлер! Баршаңызды кәсіби мерекелеріңіз –



ауылшаруашылығы еңбеккерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл дархан далаға дән сеуіп, астық жинаған, шұрайлы жерге мал жайып, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, экономикасына өзіндік үлес қосып жатқан адамдардың еңбегіне құрмет көрсететін ерекше күн.

Ауданымыздың ауылшаруашылық еңбеккерлері Қазақстанның тарихындағы айтулы дата, мерейлі мереке – ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына үлкен жетістіктермен жетіп отыр», деп ауылшаруашылығы саласында атқарылған кең көлемді жұмыстарға тоқталып өткен аудан басшысы: «Ауданның ауылшаруашылығын дамытудағы адал еңбектеріңізге алғыс білдіремін! Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, бақыт, молшылық пен береке тілеймін! Ел дамуы жолындағы қызметтеріңіз табысты болсын!» деді.

Салтанатты шараның ең бір айтулы тұсы ауылшаруашылығында талмай еңбектеніп, ел дамуына өзінше үлес қосып жүрген жерлестеріміздің марапатталуы болды.

«Еңбек даңқы» медалімен «Юлия» ФШ басшысы Александр Воронов, «Айыртау греп сәтрапу» ЖШС басшысы Әсет Мирманов наградалды.

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасы «Айыртау-Әліби» ЖШС басшысы Корней Шевченкоға табыс етілді.

Облыс әкімінің Құрмет грамотасы «Баянтай» ЖШС бас агрономы Нұржан Джакуповқа, «Достық-Дән» ЖШС өндірістік алаңының бригадирі Қайрат Қабдрахмановқа, «Арна» ФШ басшысы Вячеслав Ключевичке, «Гусаков-ка» ЖШС бригадирі Валерий Нейфельдке берілді.

Облыс әкімінің Алғыс хатымен «Кутузовка-Әліби» ЖШС зерноток меңгерушісі Валентина Буряк, «Айыртау элеваторы» ЖШС кептіру бойынша шебері Марат Қамарланов, «Жарқын СК» ЖШС бас инженері Александр Пономарев, «Фирма Бабық-Борлық» ЖШС

зоотехнигі Амангелді Сыздықов марапатталды.

Айыртау ауданы әкімінің Құрмет грамотасы «Әміржанов» жеке кәсіпорнынан Мырзабек Әміржановқа, «Кирилловка-Айыртау» ЖШС бас агрономы Сапарбек Мәментіковке, «Исағали» ЖШС бригадирі Сергей Нейге, «Всеволодовка-Север» ЖШС басқарушысы Валентин Стинскийге, «Гусаковка» ЖШС комбайншысы Владимир Лапутьке, «Гусаковка» ЖШС Жұмабай Урумбаевқа табыс етілді.

Аудан әкімінің Алғыс хаты «Агрофирма Жер-ана» ЖШС механизаторы Жанболат Бекеновке, «Новосветловка-Әліби» ЖШС ток меңгерушісі Михаил Бочаровқа, «Юлия» ФШ жүргізушісі Владимир Вороновқа, «Салмар-АгроА» ЖШС механизаторы Марат Мағзұмовқа, «Игилик продукт» ауылшаруашылығы кешені ЖШС директоры Любовь Обуховаға, «Гусаковка» ЖШС механизаторы Николай Колчинге берілді.

«Ауылшаруашылығы жұмыстарын жүргізудегі үздік шаруашылық» аталымында Азамат Елмағановтың басшылығындағы «Жарқын СК» ЖШС, Сырымбет Есенғалиев басқаратын «Баянтай» ЖШС, Владимир Коваленконың «Всеволодовка-Север» ЖШС-і, Семейду Ағаруновтың «Исағали» ЖШС-і үздік деп танылды.

«Қайта өңдеу жұмыстары бойынша үздік шаруашылық» Арис Каракозидидің «Каракоз» ШҚ атал-

ды.

«Мал шаруашылығын дамытудағы үздік шаруашылық»



Вячеслав Ключевичтің «Арна» ФШ.

«Шөп отудағы үздік механизатор» болып Виктор Раимхен танылды («Фирма Златогорка» ЖШС).

«Шөп бастырудағы үздік комбайншы» «Исағали» ЖШС-нен Владимир Ней марапатталды.

«Астық тасымалдаудағы үздік жұмысшы» Серік Қожатаев («Агроком-Мәдениет» ЖШС).

«Үздік сауыншы» «Прекрасное» ШҚ-нан Алексей Смирнов.

«Жылдың үздік меценаты» «Кутузовка-Әліби» ЖШС Владимир Казаркин болды.

Аудан әкімінің Алғыс хатымен «Көкшетау» Мемлекеттік Ұлттық табиғи саябағының бас директоры Құдабай Батыков пен Республикалық «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Александр Кузённый марапатталды.

Салтанатты шараның жалғасы облыстық филармония өртістерінің меркелік концертіне ұласты.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА, Суретті түсірген Ирина БУРКОВСКАЯ.

Дөңгелек үстел

Ақ орамал дегенде, ақ орамал...

Қарашаның 29 жылдызында ауданымыздың бетке ұстар ұжымы – Саумалкөл қазақ орта мектебінің ұжымы «Ақ орамал» акциясы аясында «Қазақстан аналары соғыссыз әлемге, терроризмдікке және агрессияға қарсы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.



Дөңгелек үстелге аудандық кітапханадан, «Колосок» және «Родничок» балабақшаларынан, Қазақ мектебі жанындағы интернаттан ақ жаулықты аналарымыз қатысып, ақ орамалдың қасиеті мен киелілігі турасында

өңгіме өрбітті.

Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Айсұлу Нұрбахтинованың төрағалық етуімен өткізілген дөңгелек үстелде бейбітшілікті, ауызбіршілікті, тыныштықты көксейтін қазақ қоғамы, соның ішінде қазақ аналарының орны туралы, олардың басындағы ақ орамалын-

дай кіршіксіз ақ жүрегінің құдіреттілігі туралы көңіл толқы тарлық тамаша естеліктер айтылды.

Шараның басы-қасында болып, аппақ көңілдері көлдей шалқыған аяулы аналарымыздың іс-шараға ат салысып, әдемі де, әсерлі кеш өткізулеріне септігін тигізгендері үшін мектеп директоры Мендігүл Олжабаева кеш қонақтары – ел мен жердің тұтастығы мен тыныштығын, балалардың амандығын Алладан жан-жүрегімен жалбарына сұрайтын ақ жаулықты аналарға деген алғысын білдірді.

Қазақ аналарының кіршіксіз ақ жүрегі мен тұнық, пәк абыройының айғағы ақ орамалымыз алтын басты аналарымыздың ақ мандайын ажарландыра берсін деген тілек білдіріміз.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА, Суретті түсірген автор.

Ресми хабар

Селолық округтердің ахуалы жайында...

Дүйсенбі күні аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров селолық округ әкімдерімен атқарылып жатқан жұмыс барысы туралы жиналыс өткізді.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінің атқарылуы болды.

Ауданның ауылшаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары С.Салғарин «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» сынды мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы және ірі қара мал еттерінің экспортталуы мен 2017 жылға арналған тиімді жобалар мен олардың негізгі бағыттары туралы ақпараттандырып өтті.

Сондай-ақ, селолық округ аумағындағы иесіз қалған нысандарды түгендеу, «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасының жүзеге асырылуын қорытындылау, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына дайындық жүргізу мәселелері қарастырылды.

Жиналыс барысында басқа да ағымдағы мәселелер қаралды.

Өз хабарымыз.

Дөңгелек үстел

Қазақстандық валюта – Тәуелсіздіктің экономикалық негізі

28 қараша күні аудан әкімдігінің шағын залында ауданның экономика және қаржы бөлімінің ұйымдастыруымен «Қазақстандық валюта – Тәуелсіздіктің экономикалық негізі» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.

Дөңгелек үстелге ауданымыздың экономика және қаржы саласында қызмет етіп, қазіргі таңда құрметті демалысқа шыққан ардагерлер қатысты. Атап айтар болсақ, банк саласында басшылық қызметте болған Николай Карпов, орынбасары Надежда Шепелева, бас есепші Людмила Зубкова, кассир Лидия Кравченко, Любовь Влащенко және Алма Куанова.

Дөңгелек үстелде қазақстандық теңгенің шығу тарихы мен қолданысқа енгізілуі турасында ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Марал Рамазанова, ауданның экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары Наталья Шатко баяндама оқыды.

Кезекпен сөз алған шара қонақтары егемендік алған жылдардағы естеліктерімен теңгенің қолданысқа енуіне орай орын алған қиындықтарымен бөлісе отырып, ұлттық валюта – теңгені айналымға шығарып, Тәуелсіз Қазақстанның төлқұжатына татитын өз теңгесінің болуы үлкен қуаныш, зор мәртебе дйді.

Егемендік алған жылдары елмен бірге ауыр да, қиын кезеңде жұмыла әрекет етіп, тығырықтан шығуды, молшылыққа толы күнге жетуді көздеген ардагер қаржыгерлер мен экономистердің бейнетті жұмысы құрметке әбден лайықты.

Ал еліміздің жас экономистері мен қаржыгерлеріне өрлеудің даңғыл жолына түскелі тұрған Қазақстанның экономикасын көтеру жолында табыстар мен жетістіктер тілейміз.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

1 желтоқсан – Қазақстан

Республикасының Тұңғыш Президенті күні

Менің Президентім

Қазақстан – біздің сүйікті Отанымыз. Көрсен көз тоймас асқар шыңды таулары, айдын шалқар көлдері, жайыла аққан өзендері, ормандары осының бәрі менің тұратын мекенім. Ал Қазақстан мемлекетінің Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ол адал және әділ Елбасы. Ол кісі 1940 жылы 6 шілдеде Іле Алатаудың баурайындағы Үшқоңыр жайлауында Әбіш пен Әлжан Назарбаевтардың шаңырағында дүниеге келді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіз елдің Тұңғыш Президенті. Оның арқасында Қазақстан Тәуелсіз мемлекетке айналды. Елбасының сүйіспеншілігінің арқасында бүкіл қазақ халқына, тіпті басқа да елдер арасында сыйлы болып отыр. Мен де өз Елбасымды қатты сыйлап, мақтан етемін және жақсы көремін. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында еліміз тыныш, ынтымағы мен бірлігі жарасқан ел. Ол біздің елімізді көркейтіп, бар әлемге танымал етіп отыр. Оның арманы орындалып отыр.

Биыл Тәуелсіздігімізге 25 жыл толып отыр. Бұл деген үлкен мақтаныш және үлкен мереке. 25 жыл ішінде елімізде талай-талай келісімдер шешілді, толағай жұмыстар атқарылды, жақсы істер жасалды. Астана қаласы күннен күнге сәулеттене түсуде. Бұл – Тәуелсіздігіміздің әр күні емес, әр сағаты жаңалыққа, игі істерге ұласып жатқанының айқын дәлелі.

Біздің мектебімізде де Тәуелсіздіктің 25 жылдығына байланысты көптеген іс-шаралар өтуде. Сыныпта біз шығарма, эссе жазу, бүктемелер жасау, сурет салу сайыстарына, спорттық жарыстарға белсене қатысудамыз. Өйткені бұл – көп жылдардың жемісі. Патриоттық ән айту, мәнерлеп өлең оқу, флешмоб билеу мұның бәрі – Тұңғыш Президентіміздің құрметіне арналады. Сыныпта өтетін тәрбие сағаттары да бізге, болашақ ұрпаққа, өз тәрбие-өнегесін беруде.

Сондықтан осынау кең байтақ, бай әрі сұлу жерімізді сақтап, оны келесі ұрпаққа аманат ету – мына біздің қолымызда. Елімізді ардақтап, жерімізді аялап өту біздің парызымыз.

Мен осындай Президентім болғанына қуанамын және мақтан етемін. Мен оған барлық жасаған істері, жақсылығы үшін көп-көп рахмет айтып, алғысымды білдіргім келеді.

Атыңнан айналайын, егеменді ел

Тәуелсіз күнің туды кеңеле бер.

Мерейің құтты болсын, Тәуелсіздік!

Ғасырдың тойы болшы келе берер! – дегім келеді.

Аружан ҚАБДУЛЛА,

Саумалкөл қазақ орта мектебінің 6 сынып оқушысы.

Әдеби кеш

Ана тілім – ардағым

24 қараша күні жетім және ата-аналарының ақмқорлығынсыз қалған Айыртау мектеп-интернатының ақт залында 25 жылдызды күн акциясы аясында «Ана тілім – ардағым» атты әдеби кеш болып өтті.

Әдеби кешті ұйымдастырушылар «Тату отбасы» аталатын 8 топ тәрбиешісі Анар Қалелқызы және осы интернаттың өнерлі, дарынды балалары.

Кеш қонағы аудандық «Айыртау таңы» газеті редакторының міндетін атқарушы Мақпал Әлмағанбетова.

Кеште интернат тәрбиеленушілері мерекелік күнге орай ән айтып, би билеп, жырдан шашу шашты.

Және ұйымдастырушылардың сұрауымен кеш қонағы Мақпал Серікбекқызы көпшіліктің кезайымына айналған егемендіктің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – қарғындардың өтеуі» атты өлеңін оқып берді.

Анар ІЛИЯСОВА,

Айыртау мектеп-интернатының тәрбиешісі.



# МЕЖІХ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

## Тәуелсіздігім - тұғырым

Заманнан жеңіп қатер-қауіптерін,  
Бақытты еркіндіктен тауыпты елім.  
Тәуелсіз күн тал бесігін,  
Жаңбырдай маңдайымнан жауып терім.  
Осыдан 25 жыл бұрын қазақ елі үшін  
жарық жұлдыз пайда болды. Ол көк  
байрағын шалқытып, әлем тарихына мөрін  
басқан – Тәуелсіз Қазақстан. Ғасырлар бойғы  
халқымыздың арманы болған, 1991 жылдың 16  
желтоқсаны бүгінгі буынның тарихи жетістігіне  
айналды. Бұл күн – өз тағдырымызды өзіміз  
айқындауға қолымыз жеткен ұлы күн!  
Жер жаһанда қай халық болсын еркіндікте,  
азаттықта ғұмыр кешу бақытын көксейді. Сол  
еркіндік үшін аянбай айқасып, жанын қияды.  
Сондықтан да Тәуелсіздік жолында тағдырдың  
тәлкегіне түсіп, азабына шыдаған, қасық қаны  
қалғанша шайқасып, шыбын жанын шүберекке  
түйген ата-бабаларымыздың ұрпағымыз!  
Ия, Қазақстан – Тәуелсіз ел! Тәуелсіздік туы-  
мен бірге Қазақстанның тамыры терең тар-  
тып, жапырағы жайқала бастады. Тәуелсіздіктің

арқасында қазақтың асқақ арманы – әнге ай-  
налды, өзге дербес елдермен тереземіз теңесіп,  
керегеміз кеңейді.

Тәуелсіздік – тарихтың сыйы немесе бүгінгі  
буынның меншігі емес. Менің ойымша, ол – өткен  
бабалардың алдындағы қасиетті борыш және  
келешек ұрпақтың, яғни біздің алдымыздағы  
зор жауапкершілік. Біз жыл өткен сайын сол  
бір тарихи таңдаудың сарқылмас құдіретін жан  
жүрегімізбен түсінеміз. Бұл менің егемен мемле-  
кетте, бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде  
азат өмір сүруді таңдауым. Біздің болашағымызды  
Тәуелсіздіктің ұлы рухы жебейді, біріктіреді,  
бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады.

Бүгінгі күні менің мемлекетім дербес мемлекет  
құру бақытына ие болып отыр. Әрине, басқа  
бақ қону бір бөлек, сол бақытты бағалай білу –  
бір бөлек. Сондықтан да, өз Тәуелсіздігімізді  
ұлағаттау біздің басты борышымыз!

**Гүлназ БОТИЕВА,**  
**№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының**  
**10 сынып оқушысы**

## Менің Тәуелсіз елім

Менің Қазақстаным тәуелсіз ел болғанына,  
ешкімге тәуелді емес азат ел болғанына  
мақтанамын. Біздің Қазақстан тәуелсіз, көк  
туы желбіреген, аспаны ашық, қуатты, қажырлы  
байлығы мол ел. Біздің Қазақстанымыз тәуелсіз  
ел болып отырғанына ата-бабаларымыз мол  
еңбегін, күшін, қажырын, ынтасын салған.  
Тәуелсіз болу бізге оңай келген жоқ. Қазақстан  
Республикасы 1991 жылы тәуелсіз, ешкімге  
бағынбайтын, басқа елдермен терезесі тең  
екенін жариялаған әйгілі, ауқымды бағанасы  
алда тұратын ел болды. Тәуелсіздікті өперген  
Қазақстан елінің азаматтары, біздің жерімізге,  
елімізге, Отанымызға өз таңбасын қалдырған  
боздақтарымыз: Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сы-  
патаев, Сәбира Мұхамеджанова, Ләззат Асанова  
есімді сияқты аға-әпкелеріміз біз үшін, Қазақстан  
үшін күрескен тұлғалар еді. Олар құрбан болған  
батырлар. Біз сондықтан әр жыл, әр ғасыр  
бойы, тіпті өмір бойы батырларды жадымызда  
сақтауымыз керек.  
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1991 жылғы  
желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының  
Президенті болып келеді. Елбасымыз Нұрсұлтан  
Әбішұлы әрдайым халықпен бірге, халыққа көмек  
көрсететін Қазақстанның лауазымды ірі тұлғасы.  
Мұндай көшбасшымыз бар болғандығы біздің  
болашағымыздың айқын екенін дәлелдейді.  
Президентіміз Отанымызды, елімізді, жерімізді  
ұлғайтып, кеңейтіп ары қарай дамыта бермек.  
Мен қазақ баласының ұрпағы болғаннан кейін Егемен  
елімді, жерімді, Отаным - Қазақстан Респуб-  
ликасын көркейтуге, үлкейтуге салтанатты түрде  
атсалысу менің парызым. Қазақ елі оты сөнбеген,

жалыны ұшапаған, суы құрғамаған, орманы, бай-  
бақшасы құлпырған Тәуелсіз егеменді ел!

## Тәуелсіздік тағдырым

Не өтпеді еліміздің басынан,  
Тағдыр талай азаптады жасынан.  
Жоңғар, орыс, неміспен де күрестік,  
Біздер емес қорқақ болып жасыған.

Жоңғар шықты менікі  
деп жерлерің,  
Көре алмаған  
іштарлығы пенденің.  
Ата-бабам қас  
дұшпаның қойсын ба!?  
Жайратты олар  
жерімізге төнгенін.  
Орыс шықты саясатын қолға алып,  
Қазба-байлық, жер үшін де долданып.  
Бодандықта қанша жылдар болсақта,  
Беріспейміз! Біз Қазақтар ол да анық!  
Неміс келді Кеңес елін  
қырам деп,  
Жанын қиды жас  
қыршындар бұдан көп,  
Жеңіс туын желбіреттік  
жеңдік біз,  
Халқым енді қайғыма  
тек қуан деп!

**Данияр НАУҚАН,**  
**Егіндіағаш орталау мектебінің**  
**7 сынып оқушысы.**

## Менің Қазақстаным

Біздің Қазақстан өте бай және қуатты мем-  
лекет. Біздің елімізде қаншама ұлт өкілдері  
тыныштықта,ынтымақта өмір сүріп,білім  
алып,жұмыс істеуде.Бұл халқымыздың  
бейбітсүйгіштігі мен кең көңілінің арқасы.Біз  
бай елміз.Осындай елдің ұрпағы болу біз үшін  
қуаныш!Біз бақытты елдің балаларымыз.Әрбір  
оқушы бала»маған Отаным не береді?»деп күтіп  
отырмай,мен Отаныма не бере аламын деген  
оймен талпынып,өте жақсы оқып,білімді азамат  
болып шығуы керек.

Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ.  
Тәуелсіздік-біздің бабаларымыздың,ата-  
әжелеріміздің,аға-әпкелеріміздің ерлігінің,еңбегінің  
жемісі.Мен Тәуелсіз елімді мақтан тұтамын.  
Тәуелсіздік тәңірден келген тәтті сый. Сол тәтті сый-  
ды ата-бабаларымыз қасық қанын төгіп,болашақ  
ұрпаққа өнегелі өмір сүру үшін алып берген.Ата-  
бабаларымыздың «Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі  
күшті ел озады» деген даналық сөзін әрқайсымыз  
мықтап есте ұстасақ,Тәуелсіздігіміз болаттай  
берік болады.Мен ата-анамнан,ұстазымнан  
Тәуелсіздік туралы көп өңгімелер естідім.Біреуге  
тәуелді болмау,өз елінде еркін өмір сүру қандай  
бақыт!Мен өз жерімді,елімді,Елтаңбамды,Әнұран  
ымды және көк Туымды жақсы көремін.Тәуелсіздік-  
менің екінші жүрегім.Тәуелсіздіктің арқасында  
тарихымызды түгендеп,тілімізді,дінімізді қайта

оралтып,салт-дәстүрімізді жандардық.Біз үшін  
Тәуелсіздік тәтті ұғым ғана емес,баға жетпес  
қастерлі дүние.Жиырма бес жыл ішінде еліміз  
жақсы көркейді.Аяғына нық тұрды.Елімізге,жаңа  
Астанамызға басқа елдер қызыға да,қызғана да  
қарайды.Желбіреген көк туымыздың астында  
тұрып,Әнұранымызды айтқанда ерекше сезімге  
бөленемін.Біздің елімізді қазір көп елдер таниды.  
Үлкендердің айтуынша осы жиырма бес жылдың  
ішінде елімізде көптеген жақсы өзгерістер болып-  
ты.Қаншама зауыт,фабрика,мектеп,балабақша  
салынған.Осының бәрі Тәуелсіздіктің арқасы деп  
түсінемін.

Тәуелсіздік!Оны ансамбаған,армандамаған  
қазақ жоқ шығар?!Сол арманымыздың  
орындалғаныма міне,жиырма бес жыл толып  
отыр.Құтты болсын!Мәңгілік болсын!Мен елімнің  
кең байтақ даласы мен асқар тауларына,әдемі  
де көрікті қалаларына,тыныш өміріне,бейбіт  
тіршілігіне қатты ризамын.Біз Тәуелсіз мемлекеттің  
ұрпағымыз,еліміздің келешегіміз.Болашақ біздің  
қолымызда.Соған лайық болайық,достар!Мен өз  
шығармамды Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы  
Назарбаевтың «Тәуелсіздік-қазақстандықтар үшін  
өң қасиетті құндылық!»деген сөзімен аяқтаймын.

**Дархан НАУҚАН,**  
**Егіндіағаш орталау мектебінің**  
**6 сынып оқушысы.**

## Жеңімпаздар анықталды

Қазақстан Республикасы  
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына  
орай аудандық «Айыртау таңы»  
газетінің редакциясы ауданның  
мектеп оқушылары мен колледж  
студенттері арасында «Менің  
Тәуелсіз Қазақстаным!» атты  
шығармалар байқауын ұсынаан  
болатын.  
Қазылар шешімімен қазақ тілінде

жазылған шығармалар ішінен 3  
орынға Карасевка орта мектебінің  
8 сынып оқушысы Рахметолла  
Өміртай лайықты деп танылса, 2  
орын Егіндіағаш орталау мектебінің  
7 сынып оқушысы Данияр Науқанға  
бұйырды. Ал 1 орынды Саумалкөл  
қазақ орта мектебінің 11 сынып  
оқушысы Аружан Есмазова жеңіп  
алды. Ал орыс тіліндегі шығармалар

арасынан №1 Саумалкөл орта  
мектебінің 8 сынып оқушысы үздік  
деп танылды.

Жеңімпаздарды жеңістерімен  
құттықтай отырып, мектеп  
қабырғасындағы салтанатты  
шарада арнайы дипломмен және  
бағалы сыйлықпен марапаттау  
рәсімі болатынын еске саламыз.

**Қазылар алқасы,**



## Тәуелсіздік-тірегім

Тәуелсіздік-ата-бабаларымыздың азаттықты аңсаған ерлік жолы, Абай  
аңсап өткен азаттық идеяның нақты болмысқа айналғандығының айғағы.  
Тәуелсіздік-қазақ халқының асқақ армандары мен қайсар  
рухының жемісі, Тәуелсіздік-ең басты құндылығымыз.

Тәуелсіздік атты қасиетті де қастерлі ұғымның астарында ата-  
бабаларымыздың елі мен жерін қорғап, аттың жалында, атанның қомында  
өткен күреске толы тағдырлары жатыр. Аталарымыз қазақтың ұлан-байтақ  
даласын сырт көздердің сұғынан найзаның ұшымен, білектің күшімен, ал  
арғы тарихымызда Абылай, Әбілхайыр сынды хандарымыз, бертінде  
Тобанияз, К.Мыңбаев, Д.Қонаев сынды көреген көшбасшыларымыз  
өздерінің ақыл-парасаттары арқасында далалық дипломатияның  
қағидаларын шебер қолдана отырып, мемлегерлік саясатымен де қорғай  
білді. Ежелден еркін өмір сүріп, иен даласына иегерлік етуді өмір сал-  
тына, қазақи қағидасына айналдырған, біреуге бодан болмау жолында  
талай рет тар жол, тайғақ кешулерді бастан өткізген біздің халқымыз  
үшін Тәуелсіздіктің құны бәрінен де қымбат, шоқтығы бәрінен де биік тұр.  
Егемендік дәуірдің елең-алаңында 1991 жылдың 1 желтоқсанында  
халқымыз өздерінің тұңғыш Президентін сайлады. Ал, 16 желтоқсан  
күні Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялап, бодандық бұғауынан біржола  
босап, дербес мемлекет болғанын әлемге жария етті. Қазақстанның  
өз Тәуелсіздігін жариялағанына міне, биыл 25 жыл толып отыр.

Елбасының «Тәуелсіздігі қазақ халқына тартқан тағдырдың сыйы  
емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткен  
өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы, бұл даусыз және саяси  
фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс»-деп атап көрсетуінде үлкен мағына  
жатыр. Сондықтан бұл мереке әрбір қазақстандық үшін зор қуаныш.

Елбасымыз айтқандай ендігі жерде біздің бір  
ғана отанымыз бар. Ол-Тәуелсіз Қазақстан.  
Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген 25 жыл ішінде дамыған нарықтық  
экономикаға өтті, өзіндік даму жолын таңдады. Тәуелсіздік таңы  
тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыпымызды жаңғыртты.  
25 жылда Қазақстанымыз аяғына қаз тұрып қана қоймай, әлемдік  
өркениетте орны бар әлеуетті мемлекет ретінде қалыптасты. Қасиетті  
Ата Заңымыз қабылданды, егемендігіміздің айғағы болып табы-  
латын аспан түстес азат Байрағымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз  
дүниеге келді. Сарыарқаның кең жазық даласында барша елді өзінің  
тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді.  
Әлемдік қауымдастық алдында Қазақстан  
Республикасының асқақ рухты мемлекет екенін мойындаттық.  
Жыл сайынғы Елбасымыздың халыққа арнаған Жолдаулары мен қабылданған  
мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да  
халықтың тұрмысын жақсартып, Тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды.  
Арманы асқақ еліміздің ұлы көшін халқымыздың ардақты  
перзенті, әлемге әйгілі көреген саясаткер Н.Ә.Назарбаев жарқын  
болашаққа, кемел келешекке бастап келеді. Асқақтаған Астанасы  
барынша қарыштаған Қазақстан қазіргі таңда ынтымақ пен бірлікті  
ту етіп, болашаққа нық сенімді қадамдармен адымдап келеді.  
Бүгінгі Қазақстан -әлемнің іргелі мемлекеттерімен қатар халықаралық  
мәселелерді шешуде басты тұлға болуда. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті  
әлем таныған егеменді, демократиялық және құқықтық мемлекет.  
Бүгінгі таңда көкте сұңқар, жерде тұлпар,  
бірлігі жарасқан бейбіт елде өмір сүрудеміз.  
Тәуелсіздік – білектегі әліміз,  
Тәуелсіздік – жүректегі әніміз, - деп барша қазақстандықтарды  
Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерекесімен құттықтаймын.

**Қанат ӘБУБӘКІР,**  
**Айыртау ауданының 2 сотының төрағасы.**

## 100 жылдық мерейтойымен құттықтады

Ұлы Отан соғысының ардагері Павел Яковлевич Барильченко 100 жасқа  
толды. Мерейтой иесін Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов  
құттықтады.

«Біз Сізді бүгінгі мерейтойыңызбен құттықтай келіп отырғанымызға  
қуаныштымыз. Сіз халық шаруашылығын қалыптастыруда үлкен рөл  
атқардыңыз. Ұлы Отан соғысында жеңіске жетуде Сіздің үлесіңіз ерекше.  
Сізге зор денсаулық, отбасыңызға бақыт пен береке тілеймін. Балаларыңыз  
бен немерелеріңіздің, шеберлеріңіздің қуанышына бөленіп жүре беріңіз»,  
- деді өңір басшысы.

Ұлы Отан соғысы Павел Яковлевич Харьков авиация училищесінде оқып  
жүргенде басталды. Оқу орнын аяқтаған соң Павел Барильченко Кеңес ар-  
миясына шақырылды. Ол фашистік Германияға қарсы ұрыстарда Орталық  
және Белорусь майданында 2-ші әуе әскерінің құрамында болды. Соғысты  
майор атағымен аяқтады.

«Мен Украинаны, Белорусияны, азат етуге қатысып, Берлинге жеттім. Мені  
әуе әскерінен шақыртып, 23-ші әуе фронтының 2-ші әуе әскерінің бөліміне  
басшы етіп қойды. Краснодардағы педагогикалық институтты тәмамдаған  
соң мұғалім, директор болып қызмет істедім. Содан соң туып-өскен Отанымға  
оралдым», - дейді ардагер.

Павел Барильченко «Қызыл жұлдыз» және «2-ші дәрежелі Отан соғысы»  
орденімен, «Ерлігі үшін», «Белорусияны азат еткені үшін», «Украинаны  
азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін»,  
«Қажырлы еңбегі үшін» және «Георгий Жуковтың туғанына 100 жыл»  
медальдарымен марапатталған.

Петропавл қаласының №21 орта мектебі 22 жыл бойы Павел Яковлевичтің  
төрағалығымен қалалық, облыстық, республикалық олимпиадаларда  
жұлделі орындарға ие болды.

Павел Яковлевич және жұбайы Нина Андреевна екі перзент тәрбиелеп  
өсірді. Бүгінде ардагер үш немере, екі шөбере сүйіп отыр.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының экономика және қаржы  
бөлімі» ММ

2016 жылғы «9» желтоқсанда сағат 11.00–де www.gosreestr.kz Мемлекеттік  
мүлік тізілімінің веб-порталында жекелеген негіздері бойынша коммуналдық  
меншікке келген (түскен) мүлкті сату бойынша электрондық аукционды өткізу  
туралы хабарлайды.

Электрондық аукционға бағаны төмендету әдісін қолданумен келесі  
коммуналдық меншіктің объектілері қойылады:

1. Клуб ғимараты, Қарақамыс ауылы. Бастапқы құны-318 756 теңге.  
Төменгі құны- 159378 теңге. Кепілдік жарна-47 814 теңге.
2. Гараж ғимараты, Қарақамыс ауылы. Бастапқы құны-198 139 теңге.  
Төменгі құны-99 070 теңге. Кепілдік жарна-29 721 теңге.
3. Кулинария ғимараты, Дауқара ауылы. Бастапқы құны-100 286 теңге.  
Төменгі құны-50 143 теңге. Кепілдік жарна-15 043 теңге.

Мүлік жер учаскесіз сатылады. Қазақстан Республикасының Жер  
заңнамасына сәйкес, жер учаскесінің кадастрлық құны бөлек төленеді.

Электрондық аукционды өткізу бойынша қосымша ақпаратты мына сайт  
www.gosreestr.kz арқылы немесе келесі телефон бойынша таныса аласыз:  
8(715-33) 22-3-69.



Жалғасы. Басы 1 бетте.

## 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні

# БОЛАШАҒЫМЫЗ ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОЛЫНДА

ОК барлық пленумдарында. Біздің әр кездесуіміз тұнып тұрған тарих болатын. Және мені Елбасымыздың адамгершілігі, іскерлігі қатты таңғалдырады. Кеңестер Одағының ыдырауы, партиялардың таратылуы өте қиын да, ауыр кезеңдер еді, десе де мықты адамдар өзгерістерден қаймықпай бұрынғыдан да күдіретті бола түседі. Біздің еліміздің тізгінін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай азамат ұстағаны үшін Аллаға сансыз шүкірлер айтамын. Өтпелі, ауыр кезеңде амалдап жан бағу қиын болса да, Президентіміз елді басқара отырып, халқына адал бола білді. Бар күш-жігерін жауап, мемлекет пен халықтың болашақ тағдырына жауапты екендігін жақсы түсінген басшымыз иығына артылған жауапкершілік жүгіне үлкен құрметпен қарай білді.

1993 жылдың 14 мамырында мен Айыртау ауданын басқардым, делосы жылдың 28 тамызында елімізде есте қаларлық тамаша сәттің куәсі болдық, ол Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің Президенттерін қарсы алуымыз еді. Еліміздің астық өндіретін басты 4 аймағы да осы тарихикездесуге қатысты. Экономикамызды көтеріп, заңа қарым-қатынастарды қалыпқа келтіріп, астық экспорттау мәселесін шешу керек болатын. Десе дегендей, мұндай жылы қарым-қатынастар ең алдымен көрші мемлекеттер арасында жолға қойылды. Экономикалық қиын ахуалға қарамастан сол жылдары Елбасымыз бабалардан қалған тарихи мұралар – Ақан сері мен Шоқан Уәлихановтардың ұлықталуы үшін бас аназар аударды.

Елбасымен кездескен сәттерімнің ең бір жарқын кезі деп атақты Қарасай және Ағынтай батырларға арналған мемориалды көшеннің құрылысын салу кезіндегі тарихи сәтті айта аламын. Нұрсұлтан Әбішұлы Қарасай батыр кіретін Шапырашты руынан болса да, өзінің ерекшелігін көрсетпей, билікке жақындығын таныт-

пай, ең бірінші орынға адамгершілікті қойып, жай ғана қазақстандықтардың өміріне қызығушылық танытып жүретін. Сондықтан да, онымен сөйлесу де қиын болмайтын, әрбір кездесу есте ұзақ сақталатын.

Мен Елбасының облысымызға, ауданымызға жасаған жұмыс сапарларының кезінде бірнеше рет кездестім. Техникаларымызды, жайқалып өсіп тұрған егінімізді көрсететінмін. Сонда әр кездесуде мен Елбасының бойынан саясаткерге тән қасиеттерді және де тәжірибелі экономисті көретінмін.

Астана қаласында өткен кезекті президент сайлауының алдында күтпеген жерден «Армия, сен ештеңе айтқын келмей ме?» деп сұрады. Мен өз сөзімді аяқтаған соң, ешқандай салтанатсыз-ақ маған алғысын айтты. Біз бақытты елміз, себебі бізді тарихты, қазақстандықтардың қажеттілігін білетін, ерікті және мықты, алдағы қиындықтарды көрегендікпен көре білетін және сол қиындықтарға бізді дайындай білетін адам басқарады. Соның бір айғағы – «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы. Ол түрлі ұлт өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін, ардагерлерін ардақтап, жастарына жарқын болашақтың қақпасын ашып берген бірегей мемлекет құра білді. Президентіміздің барлық арманы орындалып, еліміз дамыған үздік 30 елдің қатарына кірсіп деп тілеймін Алладан.

Сөзімді қорыта келе айтарым, Нұрсұлтан Әбішұлы – барлық жағдайда да сенімді адам: адам ретінде де, басшы ретінде де, мемлекет қайраткері ретінде де. Қазақстанның болашағы – соның қолында және мен біздің мемлекетіміздің Елбасы атына тығыз байланысты алда әлі талай жарқын жеңістері болатынына сенімдімін.

Армия ӘБІЛҚАЙЫРОВ,  
Айыртау аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

## СҚО ТЖД Жедел-құтқару жасағы: Елбасыға ең жақсы сыйлық — құтқарылған адам өмірі !

Бірінші Елбасы. ... бұл сөзбен әр қазақсандықтың жадында өткен—біздіңжас суверенетті мемлекетіміздің бірінші қадамы, өсудегі қиындықтар және қол жеткен бірінші қызықтар жеңістер сурет елесі келеді. Атап айтқанда еліміздің даму дәрежесін туған жерден күш алатын ағаштың өсуімен салыстыруға болады. Қазақстанның барлық саладағы табысы, қазақстандық мемлекеттің дамуы және қатауы,өз азаматтарының жағдайын жоғарлату, өсіп келе жатқан ұрпақтардың дамуына қажетті шара жасау үздіксіз Нұрсұлтан Әбішұлымен байланыстығына күмән жоқ. Менің ойымша, ұлт басшысының ең басты өрлігі халықты топтастыра білуі, олардың алдында мақсат қойып және болашаққа тапсырманы анықтау. Біздің суверениттеті стратегиялық бағыттың дамуы «Казахстан 2030» стратегия бағдарламалық құжатта анықталған Қазақстан Республикасы елбасының жыл сайынғы халыққа жолдауында, шет елде ресми келу барысында жалпы форумдарда және мемлекеттік іс шараларда өзінің растауын табады. Бірақ барлық жалпылықтың күшін салусыз іске асыру мүмкін емес, стратегияды қызыл жол арқылы бірлескен күш арқылы ғана биік дәрежелерге жетуге болады. Қиындықтарды жеңуге де....Осыған байланысты Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік модернизациясы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына

20 қадам». Осы бағытта жұмыс өдісін анықтайтын мақсатқа жетуде нақты бағыттарды береді.

Елбасы қойған тапсырмаларға жету үшін әр адам өз жұмыс орнында барлық күшін салып адал еңбек етуі қажет. Сонда нақты жемісін көреміз. «Жатқан тастың астынан су ақпайды ...» деп айтқандай.

Әр қазақстандықтың өз жұмыс учаскісінде қағаз жүзінде емес нақты іспен көзге түссе Қазақстан Республикасының бірінші Президентінің айырықша күніне жақсы сый деп ойлаймын. Біздің құрылым ҚР ІІМ ТЖК СҚО ТЖД Жедел-құтқару жасағы ММ солтүстікқазақстандықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлығын жасайды. Біздің айтарымыз бар: ағымды жылы облысымыздың су айдындарында адам өлімі 13 пайызға төмендеді, 251 адам құтқарылды олардың ішінде 48 бала.

Елбасы үшін ең қымбат бұл – адамдар, біз күн сайын қиындыққа түскен адамдарға уақыттылы қол ұшын беру үшін барлығын жасаймыз!

Ораз ҚАРШАЛОВ,  
ҚР ІІМ ТЖК СҚО ТЖ Департаментінің  
«Жедел-құтқару жасағы» ММ  
бас құтқарушысы.

## БЖЗҚ ТУРАЛЫ 5 САУАЛ

Оқырмандарымыздың сауалдарына Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының мамандары жауап береді.

**1) Мәні құным келісім-шарт бойынша шетелде жұмыс істейтіндіктен зейнетақы қорына аударым жасамайды. Айтыңызшы, біз оның орнына БЖЗҚ-дағы оның шотына ақша аудар аламыз ба? Ол үшін не істеу керек және аударымдар қандай валютамен қабылданады?**

-Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде жұмыс істей отырып, Сіздің қызыңыздың міндетті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша құқықтық қатынастарға қатысуға мүмкіндігі бар екенін айта кету керек.

Сонымен қатар Сіз қызыңыздың болашақ қамын жасай аласыз және үшінші тұлғаның пайдасына ерікті зейнетақы жарналары туралы шарт жасай аласыз не қызыңыздың өзі осындай шартты өз пайдасына жасай алады. Мұндай тәсіл өте ыңғайлы, өйткені жарналардың кезеңділігін және мөлшерін адам өз бөлігіне алады. Айтып өткеніміздей, ерікті жарналарды өз туыстарының және жақындарының пайдасына аударуға болады. БЖЗҚ сайтында орналастырылған зейнетақы калькуляторы көлешіктегі зейнетақының болжалды мөлшерін есептеуге көмектеседі және тұрақты аударылатын ең аз ерікті жарналардың өзі зейнетақы жинағыңызды айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретінін көрнекті түрде көрсетеді. Оларды теңгемен салу керек.

